

Президент Жарлығының 69-бабының бұзылғандығы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 19 ақпан N 79

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 69-бабын бұза отырып, Жезқазған облысы Ақадыр ауданының әкімі 1995 жылғы 30 қарашада "Ақадыр ГБЭ-ның жергілікті геологиялық қорларын пайдалану мен қорғау туралы" шешім қабылдаған, бұл жергілікті атқарушы органның құзыретіне кірмейді.

1. Жезқазған облысының әкімі Ақадыр ауданы әкімінің "Ақадыр ГБЭ-ның жергілікті геологиялық қорларын пайдалану мен қорғау туралы" 1995 жылғы 30 қарашадағы шешімінің күшін жойсын.

2. Облыстардың әкімдері жер қойнауы туралы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының бұлжымай орындалуына шаралар қабылдасын.

Премьер-Министр